


8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, ү технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (условий, технологий, производств, продукции))





CHM

KBT





Кызылорда қаласы, Караөзек ауылы, Абылайхан көшесі №51 мекен-жайында орналасқан №39 «Кызылорда» орта мектеп екі қабатты ғимаратта орналасқан. Мектеп ауласы қоршалған, жүретін жолдары, асфальтты жабынды төселген, қорқайтып көгалдандырылған. Мектеп учаскесіне кіру, шығу жолдары, көлікпен кіру жолдары, қоқыс жинау алаңдарға, отетін жолдар тазалауға қолжетімді. Жабынмен жабылған. Сыртқы қоршау жұмыстарымен қамтылған. Қоқыс салатын контейнерлер саны-2, бетонды негізге орнатылған, үш жағымен қоршалған негізгі ғимараттан 25 м қашықтықта орналасқан, қоқысты шығаруға ЖШС «Кызылорда Тазалығы» мекемесімен шарт жасалған. Дезинфекция жұмыстарын жүргізу ЖШС «Қызылорда» мекемесімен келісім шарт жасалған. Халықтың аз жазғалаттын топтары үшін пандусар, сүйеніштер мектептің кіре берісінде орнатылған. Сыртқы әжетхана 4/4 және 2/2 орынға қарастырылған, құдығы толдаған тазаласыздандыру жұмыстары жүргізілген. Мектеп ғимаратының ауыз суы орталықтандырылған, кәріз, жылу жүйелері жергілікті. Ыстық су жылытқыш «Аристон» қондырғысы арқылы келтірілген. Ауыз сумен қамтамасыз етілген, ауыз су режимін ұйымдастыру үшін жауапты қызметкер бұйрықпен бекітілген. Ауыз су яғни ыдыстарға құйылған шөлмектердегі су сапасы мен қорғандылығы растайтын құжат алынған, бір реттік стакандар қойылған, жеке пайнос, бір реттік стакандарды жинауға контейнер қойылған. Жарық көздері табиғи және жасанды жасанды люминисценттік шамдар арқылы, жұмыс калында. Істен шыққан люминисценттік шамдарға жеке үй-жай бөлінген, пайдаланылған люминисценттік шамдарды сақтауға және шығаруға жауапты маманға мекеме басшысының бұйрығы шығарылған. Пайдаланылған люминисценттік шамдарды жою лицензиясы бар ұйымдармен жүргізіледі. Мектепте қазіргі таңда білім алып жатқан оқушылар саны-414, екі аусымды режимде оқытылады. 1-ші аусым-226 бала, 2-ші аусым-188бала, бастауыш-170, жоғары сынып-254, мектеп аяды даярлық тобы-2 топ. Сабақтың ұзақтығы-45 минуттан. Аусымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін үзіліс көзделген. 18 класс комплект, 18-оқу бөлмесі бар. Спорт залы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан, киім ауыстыратын бөлме, жабдықтарды сақтау, мұғалім бөлмесі қаралған. Еден аяқталған, сәтінгі бөлігі, тақта, ойықсыз. Терезелерде, жарықтандыруға қол жеткізілетін қоршау құрылғылары кезделген. Киім ауыстыратын орындар киімге арналған шкафтармен немесе ілгіштермен жабдықталған. Спорт залда жылу батареялары ағаш торлармен қапталған. Мектеп ауласында спорт алаңы, шаруашылық алаңы орналасқан. Спорттық алаңда футбол баскетбол, волейбол алаңдары қаралған, жүгіру жолы қатты жабындымен жабылған, секіруге арналған шұңқырлар қаралған, таза құммен толтырылған. Оқу жиназдары жиназы мен жабдығы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес. Сынып бөлмелеріндегі жиназдар өлшеміне сәйкес таңдалған. Оқу бөлмелерінде алдыңғы үстелдер мен демонстрациялық үстел арасы кемінде 60 см, үстелдер тобының арасы 140 см., барлық сыныптар үшін сынып тактасының төменгі жиегінің еденнен биіктігі (жұмыс жағдайында) 80 см. (бастауыш сыныптар үшін) - 90 см. (5-11 сыныптар үшін) қашықтықта орналастырылған, сынып тактасы бар алдыңғы қабырғалардан бастап үш қатармен орналастырылған. Сынып такталары оған параллель тактаның жоғарғы шетінен 0,3 м жоғары және алдыңғы жағынан 0,6 м аралықта люминисцентті шам орнаатылған. Барлық оқу бөлмелерін жуып тазалауға арналған құралдармен қамтылған, арнайы белгілері жазылған. Ғимаратта тазалау мүкәммалын сақтауға және оңдеуге арналған орын көзделген. Информатика кабинеттерінде терезелеріне жалюзи ілінген, желдету жүйелерімен, ауа баптағыштармен жабдықталған. Интерактивті проектор-2, моноблок-1 компьютер сақтауға арналған шкаф-1, бір балаға 4 ш.м қарастырылған. Жасанды жарық көзі люменесцентті лампа арқылы беріледі, толығымен іске қосылған. Компьютерлердің қорғағышы мен розеткалары жерлендіру сұлбасына қосылған, компьютерлердің қатармен және негізгі желімен қосылған. Ойықсыз. Интерактивті такта-2, 5 м қашықтықтықта орнатылған. Көз талмауға арналған жаттығулар ілінген, техникалық қауіпсіздік журналы арналған. Бейне монитордың экраны пайдаланушының көзінен 50 см қашықтықта орнатылған. Алғашқы көмек көрсетуге арналған медициналық қобдишамен қамтамасыз етілген. Арнайы киімдерімен қамтамасыз етілген. Информатика кабинеттеріне микроклимат параметрлеріне, жасанды жарық көзіне, электромагниттік өріс кернеулігін өлшеуге зертханалық өлшемдер жүргізілген, нәтижесі санитариялық қағида талаптарына сәйкес. Медициналық бөлме 1 бөлмеден тұрады, медициналық қызмет көрсетуге лицензиясы алынған. Медициналық бөлме қабырғалары ылғалға төзімді материалдармен әрленген еден және жабдықтың үсті жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды әдіспен тазалау жұмыстарын жүргізуге қол жеткізілетін. Медициналық кабинет медициналық жабдықтармен жабдықталған. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамалары арналған. Мұғалімдер және техникалық персонал толық медициналық тексеруден және гигиеналық оқудан өткен. Қызметкерлердің жеке медициналық кітапшалары арналған, жұмысқа рұқсат белгісі қойылған. Техникалық персонал 3 жиын арнайы киімімен қамтылған. Мектеп жанынан ашылған шағын орталық мектептің бір бөлігінде орналасқан. Шағын орталық 2 топқа арналған. Шағын орталық мектепке дейінгі жастағы топтар үшін шешінетін бөлме, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, дәретхана қаралған. Дәретханада сүлгілерге арналған жеке ұяшықтары бар қабырғалық ілгіштер орнатылған, санитариялық тораптарда жуынуға арналған 2 қол жуғыш, 2 балаларға арналған унитаздар орнатылған, бір рет қолаңдылатын гигиеналық құралдармен жабдықталған, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Қабырғалар ылғалға төзімді жыттыр тақтайшамен 1,8 м биіктікте қапталған, еденге ылғалға төзімді материалдан төселген, тазарту және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге





